



Құрметті Атырау университетінің профессор-оқытушылары, білім саласының ардагерлері!

Баршаңызды кәсіби мерекеміз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, ізгілік қасиеттерін бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі ұшан-теңіз. Ұстаздар берген тағлым ел болашағының ұлы мұраты, ұлттық болмысымыздың бастауы, сондықтан оқытушылық қызметтің елдің болашағы үшін маңызы өте зор.

2020-2021 оқу жылы Атырау университеті үшін мерейлі жыл, білім ордамызға 70 жыл толады. Әрине, бұл белесті сәтімізді ұжыммен бірге айрықша атап өтіп, мерекелік іс-шаралар жоспарлаған едік. Алайда әлемді жайлаған пандемияға байланысты көптеген жоспарларды қайта қарап, ең бастысы адамдардың денсаулығын ойлап, сақтық шараларын ұйымдастыру маңызды деген шешім қабылданды. Ғылыми кеңестің шешімімен мерейтойлық ресми шаралар кейінге қалдырылды. «70 жылға - 70 нақты іс-шара» жоспары бойынша ғылыми жобалар жүргізу, кітаптар шығару, кездесулер өткізу, дәрістер және басқалары түрлі форматтарда жалғасуда.

Өткен оқу жылында біздің ұжымның жетістіктері аз болған жоқ. Пандемия әсерінен дәстүрлі сабақ форматтарынан қашықтан оқуға көшсек те, сіздер сабақ сапасын түсірмеуге, тиісті білім көлемін беруге үлкен үлес қостыңыздар.

Жаңа оқу жылында біздің құрылымда өзгеріс болып, оқу орны «Х.Досмұхамедов

атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамға ауысты. Бұл отандық жоғары оқу орындарының замануи дамуына ықпал ететін, академиялық дербестікке жағдай жасайтын мүмкіндік деп қараймыз. Біз өз дипломдарымыздың бәсекеге қабілеттілігіне, сапалық салмағына жауапкершілік аламыз. Өзгерістер бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Біз бұл жолда бірлескен жұмысымыз арқылы табыстарға жетеміз деп сенемін.

Ұстаздан биік мәртебе жоқ. Ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың баласы бас қосқан жерде ең қадірлі орын – ұстаздікі» деген екен. Иә, қоғамның дәстүрі мен құндылықтары, адамзаттың асыл қасиеттері, ғылым мен өнердің мұралары ұстаздар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жол тартады. Бұл орайда, ұстаздардың ұстазы болған, өңірде тек мұғалім кадрларды ғана емес, қоғамның барлық салаларына білікті маман дайындап отырған Сіздердің – Университет ұжымының маңызы ерекше. Сіздерге осы адал еңбектеріңіз, өз істеріңізге деген сүйіспеншіліктеріңіз бен табандылықтарыңыз үшін алғысымды білдіремін! Мәртебелеріңіз асқақтап, абыройларыңыз арта берсін! Еліміздің ертеңі нұрлы, аспаны ашық болсын!

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы – ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы

2 Университет жаңалықтары

Профессор Тауфик Каримов кітабын тарту етті

«Қазақстандық татар және башқұрттар конгресі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, университетіміздің түлегі Тауфик Каримов Саламат Нұрмұханұлына, білім ордасы ұжымына білікті кадрлар дайындап шығаруда зор үлес қосқаны үшін ерекше алғысын білдіріп, сәттілік тіледі. Сонымен қатар, 1970 жылдың қазан айында ҚР қоғамдық ғылымдарының және тарих Академиясының академигі, профессор Амангелді Шамғоновтың басшылығымен құрылған «Атамекен» тарихи-өлкетану ғылыми бірлестігінің 50 жылдық мерейтойымен университетіміздің профессор-

оқытушылар құрамын құттықтады.

Осы жылдар аралығында жүздеген университет студенттері тарихи-өлкетану ғылыми бірлестігінен 14 ғылым докторлары мен 35 ғылым кандидаттары ғылыми жолға бастама алды. Ғылым жолында үздік жетістіктерге қол жеткізуде бірлестіктің атқарған жұмысы орасан.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі Тауфик Каримовтың ерекше лебізін білдіре отыра, «...и все цвета радуги» атты алғашқы кітабын сыйға тартты.



Жарты ғасырдан кейінгі жүздесу

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті тарих факультетінің 1970 жылғы түлектерінің кездесуі өтті.

Білім ордасы қабырғасында сол жылдары білім алған 30 түлек арасынан т.ғ.д., профессор, академик, т.ғ.к, профессор, Қазақстан ЖОО-н 2005 жылғы «Үздік оқытушы» грантының иегерлері шығып, кейбірі мемлекеттік басқару саласында облыс әкімінің орынбасары, білім саласының басшылары қызметін атқарды. Көпшілігі мемлекеттік марапаттарға, Президенттің алғыс хатына, Ы.Алтынсарин төсбелгісіне, Махамбет жүлдесіне, «ҚР білім беру ісінің үздігі» мен «Құрметті азамат» атақтарына ие болды.

Университеттің акт залында болған «Білім алып саянда, өткердік сан жылды» атты кездесу кешіне студенттер мен профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Салтанатты шараны ашқан университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы: «Шәкіртсіз – ұстаз тұл» дегендей, осы оқу орнынан түлеп ұшқан азаматтарды көріп ерекше толқыныста отырмыз», – деп атап өтіп, бұрынғы студент, қазіргі ақ самайлы ағалар мен ақжаулықты аналарға құттықтау тілегін білдірді.

Кездесу барысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 1970 жылғы түлегі, профессор, Ресей мен Қазақстан ГҒА-н академикі, Қазақстан Жоғары оқу орындарының 2005 жылғы «Үздік оқытушы» грантының иегері Ғизатулла Қаймолдаұлы Атырау қаласының әкімі Қ. Оразбаевтың арнайы «Алғыс хатымен» марапатталды.

Оқу ордасының 50 жыл бұрынғы түлектері Халел Досмұхамедов ескерткішіне гүл шоғын қойып, университет ғимаратын аралап, кейінгі жылдарда болған барлық өзгерістер мен жаңалықтарды көріп, таңданыстарын жасаймады.

Түлектерге арналған салтанатты жиын «Студенттердің қоштасу» әнімен аяқталды.

Тәні саудың – жаны сау

2020–2021 оқу жылындағы «АИТВ/ЖИТС алдын алу жұмыстары» тақырыбында бірлескен онлайн форматта семинар өтті.

Семинарға медициналық бөлімше қызметкерлері, кураторлар, университет қызметкерлері қатысты. Кіріспе сөзді облыстық ЖИТС орталығының директоры Ғазизов Байтолла Закарьяұлы алды.

«Алдын-алу» бөлімінің педагогы Айша Сатымқызы «2020–2021 оқу жылындағы АИТВ-ЖИТС алдын алу жұмыстары, халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбында баяндаса, «Эпидемиологиялық бөлім» меңгерушісі Гүлнар Ақмағамбетқызы «Атырау облысы бойынша эпидемиологиялық ахуал» туралы сөз қозғады.

Семинар соңында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап алынып, қызу талқыға түсті.



Денсаулық – зор байлық

Спорт-денсаулық кепілі. Онымен күнделікті шұғылданудың кім-кімге де тигізер пайдасы зор. Өйткені, дана халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп текке айтпаған. Бұл бағытта Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде де жаңа оқу жылының басында игілікті жұмыстар қолға алынды.

Соның бір дәлелі бүгінгі таңдағы пандемияға қарсы денсаулықты жақсартып қалыптастыру бағытында және салауатты өмір салтын сақтау үшін «Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті» деканының ұйымдастыруымен «Жайық» спорт кешенінің жазғы алаңында спорттық жаттығу жұмыстары өтті. Спорттық жаттығуды дене шынықтыру пәнінің жаттықтырушысы Омар Асқар жүргізді.

Оған осы факультетке қарасты деканат құрамы, «Қазақстан және дүние жүзі тарихы» кафедрасы, «Журналистика» кафедрасы, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы, «Музыка және өнер кафедрасы», «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы оқытушылар құрамы қатынасты.

Педагогтік қайта даярлау бағытында өткен семинар

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде педагогтік қайта даярлауға арналған білім бағдарламасын талқылау мақсатында семинар өтті.

Семинар университеттің ғылыми кеңес отырысында өткізіліп, кафедра меңгерушілері жасақтаған білім бағдарламаларын қорғады.

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығына сәйкес Педагогтік қайта даярлау қағидасы бекітілді.

Аталмыш қағида кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін педагогикалық білімі жоқ тұлғаларды педагогикалық қайта даярлау үшін үлкен мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, заң тарауында көрсетілгендей, педагогикалық кадрларды қайта даярлау курстары күндізгі оқу нысаны бойынша жүргізіледі. Жоғары оқу орнында басшының шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады.

Қабылдау комиссиясының құрамына жоғары оқу орнының ректоры, проректорлары, құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен профессор-оқытушылар құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы жоғары оқу орнының басшысы болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының құрамына кірмейді. Жоғары оқу орнының басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

Осы бағытта педагогтік біліктілігін арттыру, қайта даярлау қағидасы бойынша педагогтардың мәртебесін көтеру жұмыстары жолға қойылып келеді. Бұл педагогтар үшін үлкен мәртебе. Осындай заң аясында педагогтық бағытқа ерекше көңіл бөлінуі – болашақ мамандар үшін үлкен көмек.

Студенттер арасындағы ашық турнир

Спорт саласында ойындардың тек физикалық тұрғыдан мықты болуға емес, сонымен қатар интеллектуалды дамуға бағытталған түрлері бар.

Осы орайда Халықаралық Студенттік спорт күніне орай Жастар саясаты департаменті, Дене шынықтыру кафедрасы және спорт клубының ұйымдастыруымен тоғызқұмалақ пен шахмат ойындарынан 2 жатақханада студенттер арасында ашық турнир өтті.

Мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, интеллектуалды дамуға жол ашу.

Төреші ретінде тоғызқұмалақтан облыстық аға жаттықтырушы, жоғары дәрежелі төреші Құрманбай Ашедов, шахмат бойынша облыс бойынша аға жаттықтырушы, ұлттық дәрежедегі төреші Сабырбай Гайсин қатысып, жеңімпаздарды анықтады.

Тоғызқұмалақ турниры бойынша 1 дәрежелі дипломмен Физика мамандығының 3 курс студенті Абдурахман Бақтыгереев марапатталса, Информатика мамандығының 3 курс студенті Мурат Уалитханов 2 орынға ие болды.

Шахмат турнирынан жүлделі 1 орын иесі



Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті Ислам Айтжанов атанса, аталған мамандық бойынша 4 курс студенті Айдар Сатжанов 2 орын иеленді. Дәстүрлі музыка өнерінің 3 курс студенті Райымбек Лекеров 3 орынмен марапатталды.

Жарыс соңында жеңімпаздар пікірін білдіріп, спорт күнімен құттықтады.

Әріптесіміз мерекелік медальмен марапатталды

Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына 25 жыл толды. Осыған орай ел дамуына елеулі үлес қосқан азаматтардың еңбегі айрықша аталып, оларға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атынан лайықты құрмет көрсетілуде.

Атаулы мерекеге орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және құқық факультетінің қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Шаяхметова Жанна Бекполқызы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 20 тамыздағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерекелік медальмен марапатталды. Марапаты Атырау облысы әкімінің орынбасары Хаменова Бақытгүл Қайыржанқызы табыстады.

Жанна Шаяхметова – көпке үлгі боларлықтай өзіндік мектеп моделін қалыптастырған ғалым. Оның жетекшілігімен Қазақстандағы заң салаларында жұмыс жасайтын 12 заң ғылымдарының магистрлері дайындалды.

Айта кету керек, Жанна Бекполқызы қазақстандық заңгер ғалымдардың бірі, ізденімпаз зерттеуші, Елбасының ұлттық дамудың мемлекеттік бағдарламаларының жоспарларын Атырау облысында жүзеге асыру арқылы заң секторының өркендеуіне зор үлесін қосқан білікті, тәжірибелі маман.

Университетіміздің дамуында еңбегі өлшеусіз, белсенді әріптесіміз Жанна Бекполқызын ұжымы атынан құттықтаймыз және зор денсаулық, бақыт және сәттілік тілейміз!



В условиях угрозы распространения коронавирусной инфекции большинство университетов по рекомендации Министерства науки и образования РК приняли решение о переходе на дистанционное обучение. В связи с этим все очные занятия, включая лекционные, практические и даже лабораторные при наличии виртуальных аналогов, были перенесены в онлайн-среду. Безусловно, стрессовая для всех участников ситуация не может не сказаться на отношении к онлайн-обучению и другим дистанционным образовательным технологиям.

УНИВЕРСИТЕТ VS КОРОНАВИРУС: реалии сегодняшнего дня

Карантин и ограничительные меры внесли серьезные изменения практически во все сферы жизни. Высшее образование – не исключение.

Правильно подобранные материалы курса, исходя из целей и задач обучения и характеристик учебного процесса в онлайн-среде, обеспечивают обучающимся образовательный результат, а преподавателю – положительную обратную связь. Такой подход подразумевает, что онлайн-обучение – это, прежде всего, когнитивный и социальный процесс, а не просто процесс передачи информации посредством Интернет. Так же, как и очное обучение, онлайн-обучение требует социальной поддержки обучающихся. В очном обучении эту роль выполняют материальные ресурсы вуза, задействованные в учебном процессе и преподаватели кафедры Психологии, систематически организуя психологические онлайн-тренинги.

В сложившейся ситуации, связанной с высоким риском заражения коронавирусом, единственно возможным и адекватным ответом вузов на внешний вызов было использование посредством Интернет всех возможных ресурсов университета, партнеров, внешних поставщиков контента и сервисов. Важными требованиями к системе стали ее надежность, пропускная способность Интернет-каналов, простота создания и размещения контента, доступность сервисов и платформ для преподавателей и обучающихся.

Следуя методическим рекомендациям Министерства науки и образования РК, вуз разработал приемлемые для их уровня развития IT-инфраструктуры с учетом доступных внешних ресурсов, сценарии реализации дистанционного обучения и требования к форматам учебного процесса. Именно поэтому у нас, как и у каждого вуза, возник свой набор инструментов и сценариев для организации обучения в онлайн-среде.

В университете работают автоматизированная информационная система учета успеваемости и движения студентов, сопровождения учебного процесса АИС «Платонус» версия 5.1. В этой версии предусмотрен модуль расписания, мобильная версия для платформ IOS, Android. Для реализации программы АИС

«Platonus» установлен отдельный сервер, что позволяет повысить качество и надежность функционирования используемых web-технологий, использовать более новые версии программного обеспечения, переходить на другие платформы, в т.ч. распространяемые по лицензии GNU/GPL. Он включает все необходимые компоненты для быстрого формирования отчетных документов и подготовки документации.

Прием документов и консультации абитуриентов в этом году осуществлялись удаленно через портал egov.kz, виртуальных ассистентов и виртуальные приемные комиссии университетов.

Наша задача сегодня – сделать дистанционное образование качественным и доступным. Для этого создаются все условия. Для первокурсников была разработана и реализована программа адаптации – ознакомление с экосистемой вуза, факультетами, студенческой жизнью, образовательным процессом посредством электронных ресурсов. Вся информация можно получить через сайт, систему «виртуальный вуз».

Дистанционное обучение в первом семестре 2020–2021 учебного года проходит на платформах Microsoft Teams, АИС «Платонус». Студентам, проживающим в отдаленных районах и имеющим проблемы с интернетом, предоставлено право проживания в общежитиях вуза, где обучающиеся обеспечены компьютерами и доступом к сети интернет. В университете с октября будут функционировать малокомплектные группы, проводиться по индивидуальному графику занятия с лабораторными работами, студийные занятия.

Университет поддерживает с обучающимися обратную связь через социальные сети, чаты Telegram, круглосуточный Call-center, анализирует удовлетворенность процессом обучения с помощью онлайн-анкетирования на сайте вуза. Для обратной связи со студентами работают виртуальные приемные проректоров, деканов.

Для качественного обучения студентов весь профессорско-преподавательский состав вузов прошел курсы

по использованию информационных платформ и дистанционных образовательных технологий.

Университет придерживается строгого противоэпидемического режима. ППС и студенты должны соблюдать правила личной и общественной гигиены. По всему кампусу установлены санитайзеры. При входе в учебный корпус проводится термометрия. Студенты и преподаватели с признаками инфекционных заболеваний не будут допущены в здание. Во время занятий будут использоваться маски и перчатки, рассадка в аудиториях – осуществляться с учетом социального дистанцирования. Обязательной является ежедневная дезинфекция и уборка помещений.

Сейчас в вузе ведется активная работа по созданию корпоративной культуры, ориентированной на повышение ответственности за свои результаты. Переход на дистанционное обучение в условиях пандемии коронавируса приведет к изменению системы высшего образования. Работа же в условиях кризиса и вынужденной изоляции вынудило буквально каждого на практике освоить современные технологии. По выходу из кризиса образование уже не вернется в традиционное состояние. Но ни университет, ни школа не уйдут со сцены. Человек – существо социальное, а качество обучения прямо зависит в том числе от качества образовательной среды, которая не может вся быть виртуальной.

Новые технологии сделают образование менее формальным и более распределенным. Образовательные продукты потеряют университетскую академичность, а место традиционных учебных курсов займут цифровые интерактивные комплексы. Появится образовательная среда, где исчезнет разница между основным и дополнительным образованием. В результате, когда этот кризис все же закончится, мир вокруг нас окажется совсем другим.

Кансулу УТЕПКАЛИЕВА
проректор по учебной работе,
кандидат экономических наук

Докторантура PhD: мой опыт и советы

Ежегодно в Казахстане проходит конкурс на получение образовательных грантов в высшие учебные заведения Казахстана. Среди них, наиболее престижной является докторантура.

Докторантура – послевузовское образование, образовательные программы которого направлены на подготовку кадров для научной, педагогической и (или) профессиональной деятельности, с присуждением степени доктора философии (PhD), доктора по профилю.

В 2016 году мне посчастливилось стать одним из семи докторантов нашего Университета, получивших целевой грант на обучение в докторантуре. Я поступил на юридический факультет Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева по специальности 6D030100 – юриспруденция. По истечении трех лет, в декабре 2019 года защитил диссертационную работу на тему «Актуальные вопросы доказывания в стадии досудебного расследования» и получил степень доктора философии PhD по специальности «Юриспруденция». И сегодня, пройдя этот путь, хотелось бы поделиться своим опытом с преподавателями, имеющих академическую степень «магистр» и планирующих в дальнейшем поступать в докторантуру.

Путь докторантуры я бы разделил на несколько этапов.

Первый этап – подготовка и поступление.

При подготовке для поступления в докторантуру нужно хорошее знание иностранного языка, в основном это английский. В 2016 году мы сдавали английский язык в виде тестовых заданий (сегодня для докторантуры требуется сертификат IELTS с пороговым баллом не менее 6.0), где нужно было набрать проходной балл не менее 50 из 100 вопросов. У меня получилось набрать 87 баллов, после чего нужно сдать спец. предмет в виде письменного задания, который для меня был не сложным. Так как у меня было направление на целевой грант, после успешной сдачи экзаменов, меня зачислили в докторанты. Совет: заранее записаться на курсы

английского и готовиться к сдаче IELTS теста.

Второй этап – выбор научного руководителя и период обучения.

После успешного зачисления, нужно было определиться с выбором научного руководителя. Безусловно, это самый важный и ответственный момент, так как вам на протяжении трех лет придется тесно работать со своим наставником. Лично мне повезло в этом плане. Мои бывшие коллеги из Карагандинского университета имени Е.А. Букетова, порекомендовали в качестве научного руководителя и наставника доктора юридических наук, профессора Ахпанова Арстана Нокешевича, который на сегодняшний день подготовил плеяду ученых-юристов (34 кандидата юридических наук, 2 доктора юридических наук, 4 доктора PhD) и известен в научном сообществе как большой ученый, отличающийся своей компетентностью, добропорядочностью, ответственным отношением к своим подопечным и многими другими положительными качествами. Именно наставления, советы и поддержка научного руководителя, помогли и вдохновляли меня на выполнение поставленных перед собой задач, за что я безмерно ему благодарен.

Хотелось бы отметить, что лекции во время учебного процесса докторантам ведут исключительно доктора наук, которые имеют огромный багаж знаний с своей отрасли. Принимая данный факт, как предоставленную мне большую возможность, я всегда старался не пропускать занятия и посещал каждую дисциплину, с интересом записывая лекции и мысли высказанные профессо-



рами. Каждый из них был своеобразен и интересен.

Согласно индивидуального-учебного плана докторанта, на втором семестре второго курса, я поехал в Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, на 90 дней, где на протяжении трех месяцев жил в общежитии одного из старейших и знаменитых ВУЗов России. Сама атмосфера и аура данного университета вдохновляла на выполнение научной работы. Также, я выбирал дисциплины наиболее интересных мне профессоров и посещал их лекции. В целом, поездка выдалась очень интересной и плодотворной.

Совет: 1) тщательно подберите к выбору научного руководителя;

2) постарайтесь во время научно-исследовательской стажировки макси-

мально эффективно поработать над своей диссертацией и изучить зарубежный опыт;

3) особое внимание нужно уделять современному написанию и публикации статей представляемых докторантам.

Третий этап – подготовка к защите и защита диссертации.

Этот этап я связываю с переходом на третий курс и с выходом на «финишную прямую». Так как на третьем курсе не было академических занятий, практик и стажировок, все свое внимание я сосредоточил на «шлифовке» диссертации. На втором семестре третьего курса, нужно постараться пройти обсуждение на кафедре и получить положительный отзыв от внешних и внутренних экспертов. После обсуждения диссертации на кафедре, докторант проходит научно-методический семинар при диссертационном совете и в случае положительных отзывов от внешних рецензентов, выходит на защиту.

Подводя итоги, могу отметить, что докторантура открывает новые перспективы. Кадры со степенью PhD всегда востребованы на современном рынке труда, поэтому учеба здесь является отличным стартом для успешной профессиональной и научной деятельности.

Получив степень доктора PhD и вернувшись в родной Университет, я был назначен на должность заведующего кафедры Уголовно-правовых дисциплин. Для меня это большая честь и доверие со стороны руководства, которую я постараюсь оправдать и внести лепту в развитие нашего ВУЗа.

P.S. «Остерегайся того момента, когда сам себе признаешь, что ты все знаешь, ибо с этого момента начнется падение личности».

академик Е.А. Букетов

Ренат ШАЙХАДЕНОВ,
Заведующий кафедрой
«Уголовно-правовых дисциплин»,
доктор PhD по юриспруденции

4 Ұстаздар күні



Сіздерді төл мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен «Педагогика» кафедра-лабораториясы ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймын.

70 жылдық тарихы бар университетіміздің бүгінгі орасан жетістіктері – жалықпай ұстаздық еткен, ерінбей ғылым іздеген, жастарға үлгі бола білген әріптестеріміздің зор еңбегінің нәтижесі.

Университетімізде жақсы ұстаздардың қалыптасуына, болашақ ұстаздардың ұстанымдарының жақсы болуына барлық дерлік жағдай жасалынған. Оқытушыларымыз ұстаздық етумен қатар оқу-әдістемелік және ғылыми зерттеу мәселелерімен айналысып, республикалық және халықаралық деңгейлерде ірі жетістіктерге ие болуда. Бұл ұжымымыздың бірлігімен басшылардың біліктілігінің көрсеткіші деп ойлаймын.

Халқымыздың батыры Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет» – деп айтқандай, Сіздердің қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар мен мемлекетіміздің гүлдену жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізге жеміс, шығармашылық жетістіктер, саламатты денсаулық және білім мен ғылымды игеруде ілгері ізденісте болуларыңызды тілеймін.

Қиындығы мол ұстаздық еткен ұлы қызметтеріңізде шәкірттеріңізге еңбектен қуаныш табу қабілетін дарыта отырып, абырой мен даңққа ие бола беріңіздер!

Шолпан ДЖАНЗАКОВА,
«Педагогика» кафедра-лабораториясының
меңгерушісі, п.ғ.д., профессор

«Ұстаздық етпес жалықпас, үйретуден балаға» — деген ұлы Абай атамыз айтқандай, жас ұрпаққа біліммен қатар тәлім-тәрбие бере отырып, келешегін айқындайсыздар. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.

Жыл сайын 100-ден астам мемлекетте қазан айының алғашқы жексенбісінде 1994 жылдан бері қалыптасқан Дүниежүзілік мұғалімдер күні атап өтіледі.

Бұл барлық мұғалімдердің, оқытушылар мен жалпы білім беру саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі.

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі қиын да күрделі еңбектеріңізге және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Оқытушылық қызметтеріңіз тек өрлеу мен өсуге бастасын.

Құрметті оқытушылар! Студенттердің құрметі мен алғысына бөленіп, ғылыми еңбекте шығармашылық ізденістер тілеймін. Мерекелеріңізбен! Мерейлеріңіз үстем болсын!

Эльмира АДИЕТОВА,
Экономика және құқық факультетінің деканы,
экономика ғылымдарының кандидаты



Сіздерді университетіміздің ұжымының атынан ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Еліміздің кемел келешегінің мықты іргетасын қалайтын білім саласының заманауи талаптарға сай болуында ұстаздарымыздың қызметі орасан зор. Оқытушыларымыз еліміздің әлемдік деңгейде танылып, білім мен ғылымның озық үлгілерін жинақтап, бәсекеге қабілетті оқу үрдісінің қалыптасуына теңдесіз үлес қосты.

Қазіргі таңда облысымыздағы педагогтарымыздан бөлек, жыл сайын жаңадан оқу орындарын тәмамдаған білікті де, тәжірибелі мамандар ұстаздарымыздың қатарын толықтыруда. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мен жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастырудағы Ұстаз қызметі асқан жауаптылық пен терең білімді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев – Ұлт Көшбасшысы білім беру жүйесінің қазақстандықтарды тұлға ретінде қалыптастырудағы рөлінің жоғары екенін атап өткен болатын. Осыған орай «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сай білім беру жан-жақты даму көрсеткіштеріне қол жеткізуде.

Қазіргі кезде оқу-тәрбие үдерісі жаңғырып, білім беру қызметінің тиімділігі де жылдан-жылға артып келе жатыр. Отандық жоғары білім беру саласындағы кәсіби мамандарды дамытумен қатар ғылыми ізденістердің жандануына, олардың өндіріске енгізілуіне ықпал жасап, қазақстандық білім мен ғылым жетістіктерінің әлемдік деңгейде танылуына жағадай жасауда.

Ерлан КАБИЕВ,
Жаратылыстану және ауылшаруашылығы
ғылымдары факультетінің деканы

«Ұлттың ұлағаты – мәдениетте, мәдениеттің ұлағаты – оқу мен әдебиетте», – деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Ұстаз – осы білімге, мәдениет пен әдебиетке жетелейтін бірден бір тұлға. Ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың таланты, біліктілігі және жауапкершілігі, адами қасиеттері өте маңызды рөл ойнайды, өйткені ол – әрбір шәкірті үшін айна сияқты. Кез келген білім алушы жан білімді өз бетінше кітаптан оқып та үйрене алады, ал тәлімді ұстаз арқылы үйренеді. Сол себепті де ұстаздар – мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір тәріздес.

Мемлекеттің идеологиясы, қоғамның дәстүрі мен құндылықтары, адамзаттың асыл қасиеттері, ғылым мен өнердің мұралары ұстаздар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жол тартады. Ертеңгі мемлекеттің болмысы – ұстаздың бүгінгі тәлімінде.

Мерейлі мерекеден дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілеймін!

Мәншүк МҰҚАШЕВА,
Журналистика кафедрасының меңгерушісі



**Құрметті профессор-оқытушылар,
студенттер сіздерді бүгінгі үлкен
мереке – Мұғалімдер күнімен құттықтаймын!**

Ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин: «Мұғалім – мектептің жүрегі» дегенін білесіздер. Осы сөзде ұшан-теңіз мағына жатыр. Мұғалім – ұстаз еңбегі өте ертеден үлкен құрметке ие болған. Ұстаздықтың мәні күннен-күнге тереңдеп, қасиеті артқан. Оның еңбегінің жан-жақтылығы жылдар өткен сайын ашыла түсуде. Ұстаз заман ағымы мен талабына сай өзінің білімі мен шеберлігін жетілдіре бергені абзал. Х.Досмұхамедов атындағы университет ұстаздары еліміздің болашағын жан-жақты дайындауды алдарына айнаымас мақсат етіп қойып, үлкен парасаттылықтың, адамгершіліктің, азаматтықтың үлгісін көрсетуде.

Қазіргі кездегі жаппай ел басына түскен ауыр жағдайды қайыспас қара нардай көтеріп, отаншылдық сезіммен барша халқымызды апаттан аман алып қалуда жігер-қайрат көрсетуде.

Бұл – Абай айтқан, ақыл, қайрат, жүрек ісі. Мұғалімдер – ұстаздар мерекесі құтты болсын! Көңілдеріңіз шатты, еңбектеріңіз жемісті болғай!

Қадір ЖҮСІП

МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

*Бұл күнді бізге Алла берсе керек,
Бір-бірімен жүздессін,
Құрметтессін, Сіз бен Біз дессін деп,
Алыстағылар мен жоқтарды іздессін деп.*

*Бұл күнді бізге Алла берсе керек,
Бірін-бірі марапаттап мақтасын деп.
Сырларын ақтарсын деп,
Реніштерін кешіріссін,
Бір-бірінің алдында ақталсын деп.*

*Бұл күнді бізге Алла берсе керек,
Бір-бірін тірек санасын деп,
Біріне-бірі әр болып,
Тамыр-тамырларына тарасын деп.*

*Бұл күнді бізге Алла берсе керек,
Ұстаздықтың мәртебесін биіктетсін деп,
Шәкірттерін сүйікті етсін деп,
Мейірімге шөлдегендерге
Жаңбыр боп құйып кетсін деп.*

*Бұл күнді бізге Алла берсе керек,
Ұлылығын сезінсе екен деп,
Таңда сол сезіммен мейірлене оянып,
Кеште сол сезіммен рахаттана көз ілсе екен деп.*

*Бұл күнді бізге Алла берсе керек,
Дарқандығымен жұбанса екен деп,
Ақтығы мен пәктігіне қуанса екен деп,
Шәкірті ризашылықпен төбесіне шығарса екен деп.*

Бұл күнді, достар, бізге Алла берген!

ҰСТАЗ БОЛУ

*Дүниеде ұстаз болу дегенді,
Әсем айту демеу керек өлеңді.
Ұстаз болу – теңеуі жоқ құдірет,
Ғажайып күш жайлағаны дененді.*

*Жиырма төрт сағаттан көп уақыты,
Бар бейнеті – жүрегінің жаһұты.
Адам ғана сезінеді осылай:
«Ұстаз болу – бар жандардың бақыты!»*

*Әр күн сайын атқаны да таң сәнді,
Асықтырған шәкіртіне аңсаулы.
Ұстаз болу – ар ісіне құштарлық,
Түсінбеген жалығуды, шаршауды.*

*Өзіңді өзің қыран қылып ұшыру,
Шәкіртіңді шыңырау ой тереңіне түсіру.
Саналардан «Америка ашу» деп,
Толғаныспен бала жанын түсіну.*

*Шырағандай жүрегіңді жандырып,
Парасатпен айналаңды таң қылып,
Маңайына сәуле шашып жүретін,
Ұстаз болу – адам болу маңгілік!*

*Ұстаз болу – адам болу ойы алау,
Ұстаз болу – өзге жанды аялау,
Ұстаз болу – сені біреу саялау,
Ұстаз болу – уақытыңды аямау!*

Ұстазы мықтының ұстанымы мықты

Адам бойындағы асыл қасиеттердің көпшілігі ата-ана мен ұстаздан қалыптасатыны сөзсіз. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деген бар. Ғылым жолында өзінің қолтаңбасымен дараланған ұстазым, һәм ғылыми жетекшім Ляйла Ерболатқызының ұстаздық келбетін өзіме үлгі тұтамын.

Танитындар жақсы біледі. Ляйла Ерболатқызы - нағыз ұстаз. Шәкірттерін ғылым жолына бет бұрғызып, тәрбие мен білімді қатар ұштастырып жүрген жандардың бірі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, әдіскер һәм тәлімгер.

Арман қуып, білімнің киелі қарашаңырағы - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды тәмамдап, жиған-тергеннің туған жерге тиесілісіне тер тоғу мақсатымен Атырауға келіп, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне магистратураға оқуға түсіп, Жастар саясаты департаментіне қызметке орналастым. Қазіргі ғылыми ұстазым Ляйла Ерболатқызы бірден жылы шырай танытып, құшақ жая қарсы алып, бағыт бағдар берді.

Ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік. Ұстазым өзінің өмір жолында Қазақстан білім беру саласына үздіксіз қызмет етіп, өз білімін жастарға жеткізіп, оларды қоғамның адал перзенті ретінде тәрбиелеуде, ғылым шыңына



шығаруда, терең білімі мен қажырлы еңбегі, дәріскерлік шеберлігі, басқару ісіндегі парасаттылығының арқасында ерен еңбек етуде.

Ғылым мен білім саласын ұтымды

ұйымдастыру ұстаздың тұлғалық бейнесін сипаттайды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап елімізде іргелі ғылымдарды дамытпай жатып, сүбелі жетістіктерге қол жеткізу қиын болғаны мәлім. Ұлттық кодымызды насихаттайтын басты білім бағыты гуманитарлық ғылымдар десек, гуманитарлық ғылымдардың маңызды саласының бірі - педагогика және психология ғылымы. «Болар істің басына жақсы келер қасына» дегендей, Ляйла Ерболатқызы өз ғылыми ізденістерін дәл осы мамандыққа арнап, қазақ, орыс «педагогика және психология» ғылымын бүгінгі жаңаша көзқараспен зерттеп, жылдар бойы Атырау университетінде осы саланың қарыштап дамуына зор үлесін қосып келеді.

Қазіргі уақытта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі ректоры қызметінде адамгершілігі мол, интеллектуалдық, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, белсенді, еңбекқор студенттер мен жастарды дайындауда, профессор-оқытушылық қызметінде жоғары сападағы ғылыми зерттеулерімен ерекшеленіп, жас ғалымдарға Өзінің 30 жылдық ұстаз-ғалымдық еңбек өтілінде талай шәкіртін шыңдап, олардың қабілеті мен қасиетінің дамуына септігін тигізді. Бұған дейін

«ЖОО-ның үздік оқытушысы» атанып үлгерді. Өткен жылы еліміздің жоғары білім беру жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі және жаңа буын мамандарды дайындаудағы «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» А.Байтұрсынов атындағы алтын медалды да иеленді.

Иә, біз білеміз атақ та, адам да уақытша. Бірақ адамгершілік пен қарапайымдылық жасай береді. Адам не тапса да ниетінен табады деген бар. Құдай әркімге әртүрлі мінезді сыйлаған. Бірде Университеттен жатақанаға қайтар жолда ф.ғ.д., профессор, ақын, ардагер ұстаз Қадыр-Жүсіп ағаймен әңгімелескен болатынмын. Ағай: «Университетке қалай келдің? Жетекшің кім?» деп сұрады. Ляйла Ерболатқызы деп сөзімді бастағаным сол еді. «Е-е, олар жақсы адамдар, жақсы адам» деп марқайып айтты. Ұстазым туралы сондай пікір айтқанына ішім жылып, қатты қуанып қалдым.

Ляйла Ерболатқызы сияқты рухы асқақ, ұстаздық ісі ұлағатты, жастар талантын терең таразылайтын, адамгершілік асыл қасиетін өнеге еткен мамандар көп болса, ұстаз мерейінің шын өрлегені. Тек ғылымда емес, өмір мектебінің тәрбиесін бойға сіңіретін нағыз ұстаздар жасай берсін.

**Жадыра НӘЖІП,
Жастар саясаты
департаменті маманы**

“Ата мекен” - өлкетанушы студенттердің ғылыми мектебі

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрылғанына 70 жыл толып отыр. Осы жылдарда оқу орнында студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу кең түрде жүргізіліп келеді. Студенттер арасында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары олардың ғылыммен айналысу қабілетін және педагогикалық қызметке деген талабын арттыруға үлкен көмегін тигізетіндігін ерекше айтуға болады.

Алдымен 1970 жылы КСРО тарихы кафедрасында студенттердің “Ата мекен” атты ғылыми-өлкетану үйірмесі құрылды. Бұл үйірменің құрылуына тарихшы-студенттердің өз өлкесінің тарихын зерттеуге құштарлығы себеп болды. Үйірмені құрудағы басты мақсат - студенттерді зерттеу, іздену жұмыстарын жүргізуге, былайша айтқанда оларды ғылыми жұмыспен шұғылдануға үйрету; туған өлке тарихын, оның экономикасы мен мәдениетін зерттеу; болашақта олардың мектепте оқушылармен өлкетану жұмыстарын жүргізе білуіне үйрету. Үйірменің ғылыми жетекшілігіне ізденімпаз, жігерлі аға оқытушы Аманкелді Шамғонов бекітілді. Алғашында үйірмеге сабақты жақсы оқитын, ғылыми жұмысқа икемдігі бар 17 студент таңдап алынды. Олар өлке тарихын зерттеу барысында Гурьев (қазіргі Атырау) қаласындағы кітапханаларда, архивтерде отырып, өздеріне қажетті деректер жинады, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесті. Кейбір үйірме мүшелері Орал, Алматы, Астрахань, Ташкент қалаларындағы архивтерде, кітапханаларда болып, материалдар жинады. Осы деректер олардың курс жұмыстарын жазуына, студенттердің ғылыми конференцияларында баяндамалар жасауына мүмкіндік берді. Үйірме мүшелерінің үздік баяндамалары студенттердің республикалық туралы жіберіліп, олардың кейбірі жүлделі орындарға да ие болды. 1972 жылы үйірме мүшесі Л.В.Ким-Распопова аға оқытушы А.Шамғоновтың ғылыми жетекшілігімен осы оқу орны тарихында тұңғыш рет диплом жұмысын жазып, оны сәтті қорғады. Содан бергі уақыт ішінде осы оқу орнында диплом жұмыстары үзбей қорғалып келеді. 1994 жылы Гурьев педагогикалық институты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті болып қайта құрылғаннан кейін “Ата мекен” үйірмесі де ғылыми-өлкетану бірлестігі болып жұмысын жалғастырды. Енді бұл бірлестікке университеттің кез-келген студенттері мүше болып, өлкетану тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын болды.

Университетіміздің 70 жылдық құмырында «Атамекен» атты ғылыми-зерттеу бірлестігінде өлкетанушы студенттер мынадай бағытта жұмыс жүргізді:

1) Атырау - өлкесіндегі халық ағарту ісінің тарихы

«Ата мекен» тарихи-өлкетану бірлестігі мүшелері ерекше назар аударып зерттеген бағыттың бірі - облысымыздағы халық ағарту ісінің тарихы болды.

Гүлшат Мальғиждарованы

облысымыздағы халық ағарту ісі тарихын зерттеуді бастаған «Ата мекен» тарихи өлкетану үйірмесінің тұңғыш мүшесі деп толық сеніммен айта аламыз. Ол Атырау өңірінде 1920 - 1940 жылдар аралығында ересектер арасында сауатсыздықты жою жолында атқарылған жұмыстар туралы, ал үйірме мүшесі В.Думчева 1928-1932 жылдар аралығында Гурьев округінде халық ағарту ісінің дамуы туралы зерттеу жұмыстарын сәтті жүргізді.

Үйірме мүшесі болып сайланғанымнан бері 1 курстан бастап ХХ ғасырдың 20-жылдарында Қазақ педагогикасының қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан педагог-ғалым Халел Досмұхамедов ту-



ралы жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізе бастадым. Ең алдымен Х.Досмұхамедов туып-өскен Қызылқоға ауданында болып, жергілікті көнекөз кәріялармен кездесіп, Халел туралы материалдар жинақтадым. Содан кейін кітапханалардағы Х.Досмұхамедовке арналған әдебиеттермен таныстым. Соңғы курста Алматы, Ташкент қалаларына барып, Халелге байланысты архивтік деректерді жинақтадым. Еңбегімнің нәтижесі ретінде 1994 жылы Мемлекеттік емтихан комиссиясы осы тақырыпта орындаған дипломдық жұмысымды «өте жақсы» деп бағалады. Мемлекеттік емтихан комиссиясы осы тақырыпқа байланысты болашақта ғылыми зерттеу жұмыстарымды одан әрі жалғастыруға кеңес берді. Бүгінде педагогика ғылымдарының кандидаты ретінде Х.Досмұхамедов туралы көптеген ғылыми мақалалардың авторы, университеттегі «Халелтану» курсы авторларының бірі әрі оның жүргізушісімін.

2) Атырау өлкесінің мәдениетінің даму тарихы

Атырау - мәдениеті мен әдебиеті өскен, өнері дамыған өлке екендігі баршамызға мәлім. Бірлестік мүшелері

облысымыздағы ірі-ірі мәдени ошақтар туралы кең түрде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Туған өлкеміздің мәдени дамуын зерттеуде үйірме мүшесі, Лениндік стипендият, Гурьев қалалық кеңесінің депутаты Тоғжан Ғизатованы ерекше айтамыз. Ол 1 курста-ақ үйірмеге мүше болғысы келетіндігін мәлімдеді және өзіне ғылыми жұмыстың тақырыбы етіп қаладағы М.Өтемісов атындағы қазақ драма театрының тарихын бекітуді өтінді. Осы курста оның ғылыми баяндамасы студенттердің ғылыми баяндамаларының республикалық турына ұсынылды. 1974 жылы қараша айында Жамбыл қаласында өткен студенттердің республикалық

атасы Қ.Сағырбайұлы туралы, Ш.Төлепова - патша өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатына қарсы батыл наразылық білдірген ақын М.Мөңкеұлы туралы және зерттеу жұмыстарын жүргізді.

4) Кеңес Одағының Батырларымен, Еңбек Ерлерімен, Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен, еңбек озаттарымен, ғалымдармен, жазушылармен, ақындармен, кино және театр қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру.

Үйірме мүшелерінің Еңбек Ерлері Л.Абдрахмановпен, А.Байжігітовамен, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қ.Шариповамен, Қазақ КСР Ғылым Академиясы жанындағы Археология институтының директоры тарих ғылымдарының докторы, профессор К.М. Байпақовпен ұйымдастырған кездесулері өте әсерлі болды.

1986 жылы 22 мамырда Кеңес Одағының Батыры, Атырау қаласының құрметті азаматы Қайырғали Смағұловпен кездесу үйірме мүшелері үшін үлкен оқиға болды. Кездесуде сөз сойлеген батыр өзінің Ұлы Отан соғысы жылдарында майданда жасаған ерліктері туралы айта келіп, жастарды өз Отанын қорғауға, оны сүюге шақырды. Қайырғали Смағұловпен кездесу институт студенттерін патриотизмге тәрбиелеу бағытында жүргізілген үлкен шара болды.

5) «Ата мекен» бірлестігінің мүшелері жазып, қорғаған диплом жұмыстары Үйірме мүшелері өздері бірнеше жыл бойы жинақтаған материалдары негізінде соңғы курста диплом жұмыстарын жазып, қорғай бастады.

1972 жыл Гурьев мемлекеттік педагогика институты тарихында ерекше жыл болды деп айтуға толық негіз бар. Өйткені, осы жылы пединститутта тұңғыш рет тарих бөлімін бітіруші Л.В.Ким-Распопова аға оқытушы А.Шамғоновтың ғылыми жетекшілігімен “Ұлы Отан соғысы жылдардағы Гурьев облысы еңбекшілерінің ерен еңбектері (1941-1945 ж.)” деген тақырыпта диплом жұмысын жазып, оны “үздік” деген бағаға қорғап шықты.

Бірлестік жұмысы туралы республикалық, облыстық газеттерде, республикалық және жоғарғы оқу орындары жанынан шығатын ғылыми журналдарда 30-дан астам мақалалар жарияланды. Осылайша, бұрынғы Гурьев пединститутында, қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде жұмыс жасаған студенттердің “Ата мекен” атты ғылыми-өлкетану бірлестігінің жұмысы бүкіл республикаға белгілі болды. Қорытындылай келе, “Ата мекен” бірлестігінде өлке тарихын зерттеу бағытында атқарылған игі істер, республикамыздағы басқа да жоғарғы оқу орындарының бүгінгі және болашақ студенттері үшін өнеге болады деп сеніммен айта аламыз.

**Ғабит БАЗАРҒАЛИЕВ,
педагогика ғылымдарының
кандидаты,
доцент**

САКРАЛЬНЫЕ ПРОСТРАНСТВА КАЗАХСТАНА

источник гордости и национального единства

В целях реализации программ «Сакральная география Казахстана», «Туған жер», «Архив-2025», «Ұлы Даланың тұлғалары», инициированных Елбасы в своих программных статьях, Институт Ассамблеи народа Казахстана Атырауского университета им. Х. Досмухамедова участвует совместно с НИЦ «Қасиетті Қазақстан» Национального музея РК в выполнении исследовательского проекта «Сакральные пространства в современной культуре Казахстана: традиции и новации». В рамках проекта недавно завершилась полевая экспедиция по сакральным местам Атырауской, Западно-Казахстанской, Актюбинской, Мангистауской областей группы ученых-историков, археологов и этнографов из гг. Нур-Султана, Алматы, Актобе, Атырау. Старт экспедиции был дан в г. Нур-Султане, точнее, в историко-культурном заповеднике «Бозок», недалеко от столицы, который посетили ученые.


3 сентября, в г. Атырау на онлайн-видеоконференции по вопросам изучения сакральных локусов истории и культуры с участием заместителя акима области Б. Хаменовича выступили руководитель проекта, к.полит.н. Б. Абдығалиұлы и члены исследовательской группы: д.и.н., профессор Ж. Артықбаев; д.и.н. Р. Бекназаров; д.и.н., профессор Ж. Кыдырәли; д.и.н. А. Калыш; к.и.н. З. Сураганова; магистр истории А. Екимбаева; археолог, докторант Назарбаев университета А. Жунисханов. Участие в экспедиции еще одного молодого человека, владеющего казахским, китайским, английским, русским, турецким языками, Нурғали Нурғая символизирует новые образцовые качества нации, о которых говорил недавно в своем Послании народу Глава государства. Нурғали обеспечивал информационную поддержку проекта, фотосъемки причудливых текстур сакральных ландшафтов произведены им с помощью дрона.

В ходе экспедиции в областских историко-краеведческих музеях и центрах «Рухани жаңғыру» в гг. Уральске, Актобе, Актау состоялась встреча с учеными-историками, археологами краеведами,

ежегодно проводятся чествования победителей конкурсов поэтов и акынов, посвященных Махамбету. В связи с пандемией пока не удалось осуществить строительство дороги и благоустройство территории мавзолея.

В Западно-Казахстанской области состоялось посещение святыни Дадем ата в Сырымском районе ЗКО. На 75-м км трассы Орал-Актобе в стороне от дороги находится кладбище, где похоронен Дадем ата. По традиции, путники, проезжающие мимо этого места, посещают могилу святого и пробуют воду из целебного источника. Святыню почитается местным казахским, а также русским населением.

В Актюбинской области масштабной панорамой обзора и инфраструктурой привлекает туристов возвышающийся на холме мавзолеем Есет батыра Кокиулы, непобежденного во всех 27 боях с джунгарами. Участники экспедиции побывали и у мавзолея отца Есет батыра – Коке батыра, героя сражений, а также у памятника прославленному батыру Есету Котибарову, предводителю национально-освободительного восстания против царского колониализма.



журналистами по вопросам изучения и популяризации памятников, составляющих духовный пояс святынь Казахстана. В сопровождении директоров историко-краеведческого музея и инспекции охраны памятников историко-культурного наследия Атырауской области Р. Хариповой и М. Кипиева экспедиция посетила мемориальный комплекс Онай ата в Магатском районе. Мавзолеем Онай-ата – объект обязательного поклонения всех путников, проходящих мимо святого места. Рядом с некрополем Онай ата возведен современный памятник из красного гранита в честь одного из лидеров анти-советских восстаний в степи – Куньскерея Кожакметова, уроженца Тайсойгана Кызылгогинского района. В Жылыойском районе мы посетили некрополь XIX вв. Ак мечеть, построенный Бекет ата. Это место, где родился и вырос Бекет Мырзагулы (1750–1813). Здесь похоронены отец, мать и брат Бекета ата. По преданию, Бекет ата в 14-летнем возрасте отправился в паломничество к могиле святого Шопан ата, возле которой провел трое суток и обрел просветление, тягу к знаниям. В 40-летнем возрасте Бекет ата стал суфием, занимался просветительской, духовной и целительской практикой, обучал детей, построил четыре мечети. Народ сложил много легенд о Пир (Пир – наставник) Бекет ата, покровителе казахов рода адай.

Дальнейший маршрут экспедиции по пыльным тряским ухабам пролегал к мавзолею поэта, лидера национально-освободительного восстания казахов Махамбета Утемисова, расположенного в 50 километрах от села Жарсуат Индерского района. По словам Р. Хариповой, здесь

Волнующее прикосновение к следам веков и тысячелетий ожидало нас на полуострове сокровищ и тайн. Мангистау – издревле загадочный край. Ландшафт Мангистау очаровывает и тех, кто бывал здесь не раз. Как пишут, многие сотни миллионов лет эта земля была дном океана Тетис. Под величественным творением Природы возникли легендарная гора Шеркала, долина замков Айрақты со шпилями и башнями, уникальная долина шаров Торыщ, самая глубокая, как говорили нам по географии в школе, в СССР, а теперь и на постсоветском пространстве, впадина Карагие. Когда мы проезжали ее через г. Жана Озен, у всех сидящих в салоне закладывало уши.

Географически изолированное расположение Мангистау, ограниченное с одной стороны Каспием, а с другой – плато Устюрт, способствовало сохранению самобытных религиозных культов, неповторимых традиций культуры.

По преданиям, здесь жили, проповедовали и были похоронены 362 суфия, почитаемых в народе святыми (аулие). Высеченные в пещерах и вырубленные в толще скал подземные некрополи и мечети Бекет ата, Шопан ата, Караман ата, Шакпак ата, Султан эпе и другие многочисленные комплексы завораживают своим величием и безмолвной вечностью. Среди неразгаданных тайн бытия одни из таинств – природа и религия, то нечто высшее, существующее вну-



три и вовне нас. Мистики ислама – суфии, люди с особым мировосприятием и мышлением, неслучайно избрали эти места. Суфизм как сложное многоплановое течение в исламе предполагает индивидуальный путь приобщения к Богу. С точки зрения суфиев, отшельничество и пребывание в развалинах, горах и пещерах укрепляет стойкость, терпеливость и привычку довольствоваться малым. Идеи аскезы (упражнений) ума, тела, духа и воли характерны, как известно, для ряда течений философской и религиозной мысли, от античных стоиков до восточных учений.

Суфийские обители и мечети были центрами исламского просвещения, в тихом уединении, отрешении от мирской суеты проповедовались догматы суфизма и совершались зикр. Суфийские миссионеры братств (орденцев) Накшбандия, Ясавийа, Кадирийа сыграли основную роль в проникновении в средневековье ислама в центральноазиатскую степь. Преобладающее влияние в кочевой среде получил неортодоксальный ислам, в котором органично соединились элементы традиционных доисламских и суфийских представлений. Наш «народный» ислам в отличие от «нормативного» органично переплетается с тенгрианством – миропониманием людей огромных пространств. В XIX веке суфийское движение достигло своего пика развития на Кавказе и среди татар Поволжья. Суфизм, как известно, подвергался преследованиям властей и в XIX веке, и в XX веке. Суфии ордена Накшбандия участвовали в антиколониальных восстаниях. Один из лидеров антисоветских басмаческих восстаний Джунайд хан был, как известно, просвещенным человеком, суфием ордена Накшбандия.

Ни одной из социально-политических систем не удавалось остановить механизмы духовно-культурного воспроизводства нации. Работая в ходе экспедиции и в региональных архивах, мы получали все новые подтверждения, что, невзирая на массовую пропаганду атеизма, поклонение святым местам, в котором были замечены и партийно-советские работники, не прекращалось. Из секретных донесений спецоргана, несмотря на репрессивную политику советской вла-

сти, тайно проводились богослужения и среди последователей суфизма из числа депортированного из Северного Кавказа населения. В своей книге «Этнос и религия в Казахстане: история и судьбы» (Астана: Ел Орда, 2007) я упоминала одну из наиболее деятельных групп суфийских общин г. Атбасаре Акмолинской области, которую возглавлял шейх Багаутдин Дени Арсанов. Несмотря на запрет и гонения, чеченские суфии основали в Казахстане новый тарикат – «вис хаджи» (белошапочники: во время зикра одевали белые головные уборы), в конце 50-х гг. XX в. после снятия режима спецпоселений они перенесли свою деятельность из Казахстана в Чечню.

На Мангистау известна древняя традиция, когда казахи хоронили умерших возле святых мест. Как рассказывают старшие, добирались даже из дальних расстояний на верблюдах, преодолевая трудности пути. Чуть выше на 6–7 м от некрополя Бекет ата на скалистом холме автор этих строк поклонилась могиле своего прадеда по отцу Карабала би.

Одна из остановок в пути нашего следования была в с. Таушик, на родине моего отца, этнографа Уркинбая Кыдырәли, исследователя жизни и быта казахов Мангышлака. Когда я рассказала об этом по телефону отцу, он говорил протяжно, не спеша передавая нахлынувшие воспоминания о своем детстве: «Оо-оу..., это начало войны, везде суета, я учился во втором классе Шахтинской средней школы, когда секретарь райкома собрал нас, и стар, и млад, на проводы уходивших на фронт, меня высоко поднял над своей головой могучий Исатай Суеубаев, ставший затем в боях легендарным батыром, представленным к званию Героя Советского Союза, о славных подвигах и бесстрашии которого в сражении под Сталинградом писали командармы и маршалы, и напутствовал мне: «Жақсы оқы, сары бала!»».

...Тайны и предания многих веков...

Продолжение на сайте www.asu.edu.kz

Жанна КЫДЫРАЛИНА,
директор Института Ассамблеи народа Казахстана,
доктор исторических наук, профессор



Ұстаздық ұлағаты



Жалпы Атырау аймағында ұлағатты ұстаздар әулеті саналатын Ғилаевтардың есімі қашанда құрметпен аталады. «Алты алаштың баласы бас қосса – төр ұстаздардікі» деп қазақтың маңдайына сыймай кеткен марқасқа ақыны Мағжан Жұмабаев бөле-жара атаған мұғалім мамандығы қай кезде де өзінің өміршеңдігін жоғалтқан емес. Өйткені қазіргі жаңа технологиялар, үдемелі оқу өндірістік үрдістер шешуші рөл атқаратын бәсекелестік, ғылым мен білімді әртараптандыруды талап етіп отырған жаһандану заманында білікті ұстазға деген сұраныс

та жоғары. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей ұстаз еңбегі қашанда өзі білім нәрімен сусындатып, үлкен өмір жолына ақ батасын беріп аттандырып салған талапкерлердің одан әрі армандары адастырмай, дүниенің кетігіне кірпіш болып қаланар үлкен азамат болып қалыптасуымен бағаланады десек, қателеспейміз.

Сондай ұстаздықтың қыр-сырын жан-жақты меңгеріп, шәкірттер жүрегіне жол таба білген ұлағатты ұстаздардың бірі де, бірегейі – бұл күнде сабырлы да, салиқалы әже болып, немерелерінің ортасында сексеннің сеңгірінен сөз алып отырған Майра апай Ғилақызы деп сүйіншілеп, жалпақ жұртқа жар сала аламыз. Өйткені, мен де бір кездері Майра апайым оқып, жоғары білім алған Алматы шет тілдері институтын тәмамдап, кейіннен Атырау мемлекеттік университеті қабырғасында сүйікті Майра апайыммен жолымыз түйісті. Мамандығымыз бір сала болғандықтан үнемі ақыл-кеңесін тыңдап, тәжірибесін үйрендім. Сондықтан мен де Майра апайдың алдынан тәлім-тәрбие алып, өнегесін үйренген шәкірттерінің бірі ретінде қолыма қалам алып, жүреқжарды тілегімді білдіргенді жөн көрдім. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дегендей осынау сексенімен саусаламат сәлемдескен Майра апайымыздың мерейлі шағында қысқаша өмірбаянына тоқталған артық болмас деп ойлаймын.

Майра Ғилақызы 1940 жылы 26 қыркүйекте Гурьев (Атырау облысы, Теңіз, Құрманғазы) ауданында дүниеге келді. 1957–1962 жылдары Алматы шет тілдері институтының неміс факультетінде оқыды. 1962–1964 жылдары осы жоғары оқу орнын тәмамдап, өзінің туған ауылына – Құрманғазыдағы Абай атындағы орта мектепте және мектеп-интернатта неміс тілінен дәріс берді. 1965–1967 жылдары Атырау қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумында, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде неміс тілінен сабақ берді.

1967 жылдан бастап Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде физика-математика факультетінде неміс тілінен аға оқытушы, академиялық доцент лауазымында дәріс беріп келді. Университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, университеттің қыздар кеңесінің төрайымы, физика-математика факультетінің партия ұйымының хатшысы болды. Кәсіби білімін жетілдіру мақсатында 1995 жылы ФРГ-да Изерлон қаласының Гете атындағы институтында оқыды. Бірнеше рет Алматы қаласындағы шет тілдері институтының жанында ұйымдасқан білім жетілдіру курстарынан өткен. «Білім беру үздігі» төсбелгісімен, Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін 2009 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің, облыстық және қалалық әкімшіліктердің алғыс хаттарымен марапатталды.

Майра апай тек білім мен ғылым саласында ғана жетістіктерге жетіп қоймай, жылы ұядай өзінің отбасында да бақытқа кенелген жан. Майра апайдың мерей жасында оның құдай қосқан қосағы, Атырау ғалымдарының көпбасшысы, ұзақ жылдар бойы университет ректоры болып абыройлы еңбек еткен Хисмет Бозанұлын атамай аттап өту – арға сын. Екеуі тәрбиелеп өсірген ұрпақтары бұл күнде өмірден өз орындарын тауып, кәсіптерін нәсібіне айналдырып жүр. Ал, Майра апай немере-шөберелерінің бал қылықтарын тамашалаудан бір жалықпайды. Өмір сонысымен қызық. Майра апай Сізді бұл күнде қызмет бабымен әр қиырда жүрген шәкірттеріңіздің атынан мерейлі жасыңызбен құттықтап, ғибратты ғұмыр, шаңырақ шаттығын тілеймін.

Ахмарал ХАЙРЖАНОВА,
Филология ғылымдарының кандидаты,
Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі

Музыкалық білімнің майталманы

Музыканың негізгі міндеті – адамның эстетикалық қажетін өтеу.

Әбу Насыр әл-Фараби

Тәуелсіз мемлекеттің ертеңі – ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті саналы ұлттық ойлау қабілеті мен білігіне, іскерлігіне байланысты. Өскекең ұрпақты биік мақсаттарға жетелеу, өз бойында бүкіладамзаттық құндылықтарды жинақтаған, өз өміріне өзі басшылық жасап, өзін-өзі дамытатын тұлғаны тәрбиелеу – бүгінгі білім беру ұйымдарының алдына қойған міндеттерінің бірі. Осы міндетті іске асыру тетігі ұстаздарға байланысты. Іскер, жаңаға жаны құмар, үздіксіз ізденіс үстіндегі мұғалім ғана оқушыға сапалы білім бере алады.

Тұла бойында тұлпардай тулаған дарынын қамшылай түсіп, жаңа шыңға көтерілем деген бала әркез өмірден өзінің шынайы орынның табатыны хақ. Әйтсе де тал бойына біткен таланттың барлығы байқап, көрсете білмейтіні де бар. Тұтанайын деп тұрған жас шоқты үрлеп, лап еткізіп жандыратын жандар да кездеседі өмірде. Олар – өмірдің асуларынан асып, тұңғиығын сүзіп, адамгершілік пен намысты, мейірімділік пен адалдықты тең ұстаған жүректі жандар. Ол жандарды біз «ұстаз» дейміз. Ұстаздарымыз болмысындағы бар қасиет, құрметін, өмірден санасына түйген байлығының барлығын оқушысына сыйлап, жүрегіне су сепсе де сөнбейтін алау жағады, шабытын шыңдайды. Шәкірттерініңкелешегіжөн індейілалып,олардыңқабілеттіншәкіртболып,үлкенбіктерденкөрінуін қалайды.

Осындай ұстаздардың біріБахтияров Орынғали Дүйсешұлы01.0.1949 күніИндер ауданы Құрылыс ауылында дүниеге келді. 1971–1973 ж. Алматыдағы Республикалық эстрада-цирк студиясында оқып, 1972–1977 ж. Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтын «Мәдени-ағарту қызметкері, халық аспаптары оркестрінің жетекшісі» мамандығы бойынша бітірді. 1971–1973 жж. Құрманғазы атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің әртісі болып қызмет етті. 1973–1977 жж. Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында оқып жүріп, домбыра-тенор класы бойынша ұстаздық қызметпен айналысты. Оқу орнын бітірген соң, 1981 жылға дейін Гурьев педагогикалық институтында оқытушылық қызметін жалғастырды.

«Музыка және өнер» кафедрасының қысқаша тарихына келсек, 1970 жылдары Батыс өңірінде жалпы білім беретін мектептерге музыка мұғалімдерінің жетіспеуі өзекті мәселелердің бірі болды.



1976 жылы облыстық музыка мамандарымен қамтамасыз ету мәселесін шешу мақсатында Қазақ ССР Ағарту Министрлігінің бұйрығымен (N333.24.05.1976ж.) Гурьев педагогикалық институты ректоры Г.Д. Даировтың бұйрығымен (N124.28.05.1976ж) Физика – математика факультетінің жанынан «Музыка теориясы және тарихы» және «Арнаулы және қосымша аспаптар» кафедралары ашылды. Жаңадан ашылған кафедраларға Куйбышев, Өскемен, Алматы т.б. жоғары оқу орындарынан мамандар шақырыла бастады. Гурьев педагогикалық институты ректоры Куйбышев педагогикалық институтының жолдамасымен келген А.Г. Волков Е.Б. Сахиповтың бұйрығымен (N196.20.08.1976ж.) кафедраның аға оқытушысы ретінде қабылданды. Алғашқы 1976–1977 оқу жылында N2119 «Музыка және ән» мамандығына бөлінген 50 орынға 109 үміткер құжаттарын тапсырды. Олар 4 пән бойынша іріктеу емтихандарын тапсырып, 25 талапкер орыс тобына, 25 қазақ тобына оқуға қабылданды. Кафедраларға оқытушылардың жетіспеуіне байланысты институт ректоры Е.Б. Сахиповтың бұйрығымен (N343.14.10.1976ж.) музыка училищесінің оқытушылары Н. Сиражев, И. Хованский және Е.М. Нурашев, М. Кох, М. Ижанова, С. Әжікенов, және музыка мектептерінің мұғалімдері К. Игжанов, О. Брызгина, Л. Медьнова, А. Бириюковалар (N346.18.10.1976ж.) қосымша жүктемемен жұмысқа қабылданды. Қадрлардың әлеуетін көтеру мақсатында Өскемен педагогикалық институтының аспиранты М.Г. Котляр шақыртылып, ректордың бұйрығымен (N353.26.10.1976ж.) «Музыка теориясы және тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

және (N357.30.10.1976ж.) кафедра меңгерушісі лауазымына тағайындалды.

Қазақ ССР оқу министрлігінің сұранысы бойынша институтқа Кеңестер одағы қалаларының консерваторияларынан кәсіби мамандар шақырыла бастады. Музыка кафедралары барлық арнайы пәндердің оқу бағдарламаларымен (гармония, музыка тарихы, сольфеджио, хор класы, дирижерлау, арнайы музыкалық аспап, дауысты қалыпқа келтіру және т.б.) қамтылды. Кафедралар кадрлармен толықтырылған соң, институт басшылығы алдында факультет құру мәселесі тұрды. Институт ректорының бұйрығымен (N199.26.07.1977ж.) «Музыка және педагогика» факультеті құрылып, М.Г. Котляр факультет деканы болыптағайындалды. 1977 жылы Астрахань мемлекеттік консерваториясын бітірген Н.А. Корнюша Гурьев педагогикалық институтына жолдаммен жіберіліп, институт ректорының бұйрығымен (N199.26.VIII.1977) «Музыка теориясы және тарихы» кафедрасының фортепиано пәнінің оқытушысы ретінде қабылданып, «Музыкалық аспаптарда ойнау» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды.

1977 жылы «Музыка және педагогика» факультеті жанынан институттың студенттік оркестрі мен хорының іргетасы қаланды. Студенттік қазақ ұлттық аспаптары оркестрінің жетекшісі болып «Музыкалық аспаптарда ойнау» кафедрасының оқытушысы О.Д. Бахтияров тағайындалды. Оркестрдің жұмысын жандандыру мақсатында жергілікті оқу орыны – музыка училищесінің оқытушылары Б.Рзаханов, М. Темирханов, Н. Андреевтер, институт ректорының бұйрығымен (N368.13.11.1977ж.) жұмысқа қабылданды. Оркестр жұмысы жолға қойылып, облысымыздың аудандарында және қала көлемінде көптеген концерттер берді.

1992–2000 жылдары факультет деканы болып О.Д. Бахтияров тағайындалып, көп жылдар қажырлы еңбек етті. Осы кезеңде «Хорды дирижерлау» және «Музыкалық аспаптар», «Музыкалық-теориялық пәндер» кафедралары жұмыс жасады. О.Д. Бахтияровтың студенттері қалалық, облыстық, республикалық сайыстарда жүлделі орындар алды. Мысалы: Рзиев Сәпен – Республикалық педагогикалық жоғары оқу орындарының музыка факультеті студенттерінің орындаушылық шеберлігіне арналған байқау-конкурсының (домбыра аспабы) Лауреаты. Алматы қ., 1982 ж.

1981–1992 жылдары (және 2002–2005 осы қызметте профессор) «Музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, доцент. Одан кейінгі 10 жылда О.Бахтияров Х.Досмұхамедов атындағы Атырау

мемлекеттік университетінің «Музыка-педагогика» факультетінің деканы, 2005–2010 жж. Облыстық ғылыми әдістемелік халық шығармашылығы мен мәдени демалыс қызметтерін ұйымдастыру орталығының аға әдіскері.

2010 жылдан бастап Қайыршақты балалар саз мектебінің директоры болып, мектептің теориялық және практикалық методологиясын қалыптастыру, жас ұрпақ өкілдеріне музыка саласында білім беру бағыт-бағдарын айқындау, педагогикалық негіздерін жолға қою секілді жауапты жұмыстарды ұйымдастырып та-маша ұжым тәрбиеледі. Қайыршақты балалар саз мектебі – балалардың жеке шығармашылық тұлға болып қалыптасуына, кәсіптік бағдарының айқындалуына, шығармашылық еңбегінің шыңдалуына, жалпы мәдениетінің өркендеуіне, қабілеттіліктерін іске асыруына, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын дербес әрі қолайлы пайдалануына ыңғайлы жағдай туғызатын шығармашылық білім ордасы. Қосымша білім беру ұйымдарына арналған оқу бағдарламаларымен жұмыс жасау барысында педагог оқушының музыкалық есту қабілетін, есту мүмкіндіктерін, эстетикалық талғамын, орындаушылық шеберлігін арттыру үшін бағытталған жұмыстар атқарады. Бағдарламаның өзіндік ерекшелігі жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесі жүргізіліп, оқушының жеке қабілеттерін ашуға жағдай жасайды және оқушының өз қызметіне деген жауапкершілігін арттырады. Қайыршақты балалар саз мектебі «Бірлік», «Бесікті», «Талғайрақ», «Ақжар», «Ақсай» елді мекендерінде, селолық округтерде жалпы білім беретін мектептерден әртүрлі мамандықтар бойынша өз бөлімшелерін ашты.

Оқу ордасында 30 жылдай еңбек еткен О.Д. Бахтияров ұстаздық қызметпен қатар ғылыми жұмыспен де айналысып, бірнеше оқу құралдарын жазды. Профессор О.Д. Бахтияров жоғары оқу орнында білім беру саласымен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ол еңбегі үшін «Кәсіподақ аралық байланысты дамытуға, кәсіподақтың жаңа беделін ұйымдастыруға қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды (2011). О.Д. Бахтияров тәжірибелі педагог, ҚР Білім министрлігінің Ы.Алтынсарин медалінің (1992) және Халықаралық «Қазақстан Даңқы» орденінің иегері (2013), Халықаралық Ғалымдар Одағының мүшесі (2014).

Сәтім ӘЖІКЕН,
«СССР ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері,
ҚР білім беру ісінің
Құрметті қызметкері



«Nur Otan» партиясы Атырау облысы праймеризге қатысушы үміткер ӘДІЛБЕК ОЛЖАБАЙҰЛЫ ТУРДАЛИЕВТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Турдалиев Әділбек Олжабайұлы 1963 жылы 23 желтоқсанда Атырау қаласында дүниеге келдім. Отбасылымын. Атырау қаласының байырғы тұрғынымын. Ата-анамысыз, басқа да отбасы мүшелеріммен бірге, қаламыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосып келе жатқан, қазақ елінің азаматымын. Жоғары білім беру саласында көп жылдар бойы қызмет етіп келемін. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасы профессоры, ғылым кандидаты ғылыми дәрежем бар. Қоғамдық жұмыстарға тығыз араласып, көп жылдар бойы «Nur Otan» партиясының Атырау қалалық филиалының Бақылау комиссиясының төрағасы қызметін атқарып келемін.

Барлық ел азаматтарының олардың жас мөлшері, кәсіптік, әлеуметтік, ұлттық және діни сеніміне қарамастан, олардың мүдделері, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған, өзімнің сайлаушыларымның алдында барлық жауапкершілікті сезіне отыра, сіздердің назарларыңызға менің білімім мен ғылыми әлеуетім, жеке кәсіби тәжірибем негізделген қаламыздың даму басымдықтарын біріктірген - «ТӨРТ БАҒЫТТЫ ТҰҒЫРНАМА» атты нақты істерден тұратын бағдарламамды ұсынамын.

Қоршаған орта тазалығы - денсаулық кепілі:

- Қоқыс полигонын салу ісі жандандырылып, «Тухлая балка» секілді булану алаңдарын жойып, сарқынды суларды тазарту құрылыстарын жүргізіп, Атырау қаласының маңайындағы топырақты биологиялық тазарту ісін жандандыру қажет. Қала маңайындағы жайылымдық жерлерді, ауылшаруашылық жерлерін бөлу, пайдалану ісін бақылау күшейтілуі аталған мәселенің оң шешімін табуына себепкер болады.

Жарқын болашақ - қолжетімді, әрі сапалы білім:

- Білім беру жүйесіндегі медиацияны білім беру процесінің барлық қатысушыларының қауіпсіз, жайлы кеңістігін құруға бағытталған ХХІ ғасырдың педагогикалық ғылымы мен практикасындағы жаңа бағыт ретінде дамытуға, Инклюзивті білім беру сапасын жетілдіру ісін, «Nur Otan» партиясының «Кедергісіз болашақ» бағдарламасымен байланыстыра отырып жүзеге асыру қажет.

Әлеуметтік қолдау қоғамдық тұрақтылық негізі:

- Маслихат сессияларында, тұрақты комиссиялар жұмысында сайлаушылардың мүдделерін қорғап, әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене қатысуды талап етеді. Әлеуметтік мәселелер топтамасы кең ауқымды мәселелерді шешуді талап етеді. Олардың қатарында, жұмыссыздық, жастардың жұмысқа орналасуы, соғыс және еңбек ардагерлеріне, зейнеткерлерге көмек көрсету, аз қамтылған отбасыларды, көп балалы аналар мен жетім балаларды әлеуметтік қолдау, баспана мәселесі т.б., мәселелер бар.

Сыбайлас жемқорлық қоғамдағы теріс, жағымсыз әлеуметтік құбылыс:

- Азаматтарға қызмет көрсетуші монополистік кәсіпорындардың жұмысын (тарифтендіру, қызмет көрсету ісін) құқықтық реттеу және олардың қызметіндегі жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында АҚКО жұмысы арқылы арқалы цифрлендіруді жалғастыруға ықпал ету. Төтенше жағдайлар мен пандемия кезінде медициналық мекемелер мен дәріханалардың үздіксіз жұмысын қоғамдық бақылауға ықпал ету.

«Nur Otan» партиясы Атырау облысы праймеризге қатысушы үміткер Бибінуір Бүркітқызы Қорғанның САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Қорған Бибінуір Бүркітқызы Атырау қаласының тұрғынымын. Қаныш Сатпаев атындағы орта мектептен 11 жылдық білім алдым. 2 жоғары білімім бар, бірі ағылшын

тілінің мұғалімі, екіншісі экономика мамандығы. Экономика ғылымдарының магистрімін. Атырау облысы бойынша қоғамдық, мәдени, рухани ұйымдардың белсенді мүшесімін. Бойымдағы өнерге, өмірге деген құштарлығыммен көптеген шығармашылық жетістіктерге жеттім.

Өмірге 5 ұл әкеліп, көпбалалы ана атандым. Мен үшін бұл ең үлкен мәртебе. Ана болу - үлкен жауапкершілікті жүктейді, сондықтан мен көпбалалы ана ретінде партияшілік іріктеуге қатысуға бел будым. Сайлауалды бағдарламаның мақсаты «Бақытты отбасы» партиялық жоба шеңберінде берекелі отбасын сақтау проблемаларын көтеру болып табылады. Статистикаға сүйенсек, соңғы жылдары елімізде отбасын құрушы жастар саны азайып, ал ажырасулар саны көбейіп барады. Бұл қазақи болмысымызға жат тәрбие. Демек:

- отбасы мәртебесінің сақталуы саяси-әлеуметтік проблема ретінде зерттеліп, нақты шешімдер қабылдануы керек.

- шет елдерде оң шешімін тапқан тәжірибені қолданып, дүниеге келген әр сәбидің болашағы үшін «Бала капиталы»



деген атаумен мемлекеттік қаржыдан кемі 3 миллион теңгеден төмен болмайтын арнайы депозит ашылып, ол баланың ержетіп, бойжеткен кезінде старттық капиталы ретінде оқуына, үй алуына берілуі керек;

- жаңадан босанған анаға баласы 3 жасқа толғанға дейін әлеуметтік қаржы қарастырылуы керек;

- жалғыз баласы аналар, көпбалалы және ерекше балалар тәрбиелеп отырған отбасыларға тұрғын үй алу шарттарын жеңілдетудің тиімді тетіктері жүзеге асуы керек;

- облыс бойынша ана мен бала өлімі туралы жағдайларды жиі естиміз, сондықтан ана мен бала денсаулығы үнемі назарда болуы тиіс;

- ерекше балаларды тәрбиелеп отырған жалғыз басты аналардың, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың науқас балаларын емдетуге нақты жоспарланған қаржы бөлінуі керек, өйткені аналар шарасыздықтан халықтан қаржылай көмек сұрауға мәжбүр;

- соңғы кезде аналар өңірлердегі алаңдарға митингке жиі шығып кетті, өйткені олардың жанайқалын түсіну үшін мемлекет тарапынан кері байланыс жоқ болып отыр. Сондықтан да бұл проблеманы мемлекеттік деңгейге көтеріп, Жанұя министрлігі құрылып, оған көпбалалы ананың тағайындалуын ұсынамын.

«Болашақ» спорт клубының жетекшісі, Дүниежүзілік қазақ күрес федерациясы төрешілер алқасының төрағасы, Біріккен күрес қауымдастығы (UWW) экстрә класс төрешісі ХАБИРОВ РАФАЭЛЬ РАЛІТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Менің осы сайлауда үміткер болып қатысудағы басты мақсатым - салауатты өмір салтын насихаттау, облысымыздағы жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, халықтың денсаулығының нығаюына өз үлесімді қосу.

Мен сайлаушылардың сеніміне ие болсам, болашақта мына мәселелерге баса назар аударар едім:

1. Облысымыздың тазалығы және Жайық мәселесі.

Атырау облысы Қазақстанның экологиялық жағынан қолайсыз өңірлерінің бірі. Олай болса, экологиялық хал - ахуалды жіті бақылауымыз керек. Себебі, қаланың тазалығы - даланың тазалығы, даланың тазалығы - ауаның тазалығы. Осы тұрғыда, батыс өңірі мұнайлы мекен болғандықтан, мұнай өндіру және өңдеу құбырларынан шығатын түтіндер мен қалдық заттар - ауа ластаушы бірден - бір фактор. Сол себепті, дер кезінде фильтрлік қондырғылар орнатылуы шарт. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатын жолға қойған дұрыс. Екінші мәселе, Жайық өзенінің алабының тарылуы, ластануы. Жайық өзенінің алабының тарылуын табиғи фактор, яғни, жауын - шашын, қар т.б.

аздығы немесе жасанды каналдардың суағызғысындағы бөгет орнатылуы десек, аумағының ластанып, суының лайлануы - адами фактордың нәтижесі. Осы орайда, әр аулаға немесе әр көшеге, орталыққа қоқыс шығару жәшіктерін жиірек орнатып, қадағалау шаралары қолға алынса нұр үстіне нұр болар еді. Орындалмаған жағдайда қатаң ескерту, айыппұл шараларын қолдануға әкеп соғатындығы ескертілсе, экологиялық кедергілер азаяр еді.



2. Жастарды жұмыспен қамту.

Еріктілердің негізгі үлесі - жастар. Әлемдік пандемия кезінде де еліміздің індеттен арылуына да қайтарымсыз көмек көрсеткен жастардың үлес салмағы мол екендігі көңіл қуантады. Демек, біз көзі ашық, көкірегі ояу жастарды тәрбиелеп келеміз. Дей тұрғанмен, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету шаралары нақты жолға қойылмай келеді. Мәселен, білім беру саласы мен денсаулық сақтау саласында жас мамандарды жұмысқа орналастыру деңгейі біртіндеп артып келе жатқанмен, өндіріс, әлеуметтік, қаржы, қоғамдық салаларда жастарды жұмысқа жұмылдыру жұмыс өтілімен бааланатыны өкінішті. Жаңа ғана бітіруші түлек атанған жас маманнан жұмыс өтілін сұрау жөнсіздік секілді. Осы бағытта жас мамандарға дұрыс бағдар көрсетіп, біліктілікті арттыру курстарына ұйым атынан тегін жолдама беріле, тәжірибе алмасу шараларын жолға қойса еліміздің гүлденуі тұрақты болар еді. Жастарға қолдау көрсету - болашағымызға жол ашумен тең.

3. Халықтың денсаулығын нығайтуда медициналық қолдау көрсету.

Әлемді жайлаған пандемияның алдын - алу мақсатында барынша қатаң шараларды сақтап, карантиндік режимде өмір сүру дағдыларына бейімделдік. Пандемия кезінде басты мәселелердің бірі - алғашқы көмек ретінде медициналық маска мен бірінші қажеттіліктегі дәрі - дәрмектердің тапшылығы. Одан соң, жасанды өкпе вентиляция аппаратының жетіспеушілігі көңілімізге қаяу түсірді. Осы бағытта басты шарт етіп медициналық мекемелерді алдын - ала дайындауды ұсынар едім. Ең алдымен медициналық қызметкерлерге өз жұмысынан артық жүктеме түсірмей, резервке жас мамандарды ұсынуды, одан соң дәрі - дәрмек пен медициналық құрал - жабдықтарды уақытылы жеткізу жұмыстарын жүргізуді талап еткен жөн деп ойлаймын.



«Nur Otan» партиясы Атырау облысы Қалалық Мәслихатына праймеризге қатысушы үміткер Бибігүл Шайхиева Көкімжанқызының САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Атыраулықтар, әріптестерім, достарым, шәкірттерім биыл тұңғыш рет өткізілейін деп отырған партияшілік сайлау Праймеризде мен де бағымды сынамақпын.

Жастар саясаты және қоғамдық ортада 10 жылдық тәжірибем сүйені отырып, осы істерді жүзеге асырамын:

- Қоғамның жанайқалына жауап беріп, мемлекеттің мойнына артылған міндетін

жеңілдететін әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту. Облысымыздағы осы салаға қолдау шараларын қалыптастыру;

- Болашақ жаңа технологияларды толыққанды меңгерген жастардың қолында болғандықтан, олар көштен қалмай, еліміздің көркеюіне білім арқылы үлес қосулары тиіс. Сондықтан бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлауды қолға алу;

- Жастар арасынан білікті заманауи кәсіп иелерін дайындау;

- Атырау облысы халқының қаржылық сауаттылығын арттыру;

- Кәсіпкерлікті дамыту үшін ықпал ететін қаржыландыруды көбейту;

- Қызметтегі және жұмыссыз адамдардың кәсіп ашып, оны дамыту үшін арнайы жаңа жобалар қарастыру;

- Отбасы институтын құру. Жаһандық өзгерістер заманында отбасы құндылықтарын сақтап, оның жастар санасындағы беделін арттыру. Жаңа әлеуметтік жаңғыру кезеңіне отбасымен бірлесіп аяқ басуды қалыптастыру;

- Ана мен бала денсаулығын сақтау саласында медициналық көмекті жетілдіру;

- Отбасылық саулықты нығайтуға ыңғайлы салауатты өмір салтын насихаттау;

- Еріктілердің еңбегін ескеріп, қолдау көрсету;

- Білімді жастардың халықаралық жобаға қатысуын қадағалап, мүмкіндік жасау қажет.



«Nur Otan» партиясы Атырау облысы праймеризге қатысушы үміткер Мадина Еркінвананың САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Республикада алғаш рет өткізіліп отырған праймеризге үміткер болып қатысу - мен үшін үлкен абырой.

Біздің алдымызға қойылып отырған ең басты міндеттердің бірі - халқымыздың әлеуметтік жағдайын бұдан әрі жақсарту, саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, халықтың өмір сүру деңгейін арттырып, елдегі тыныштық пен татулықты бағалай отырып, қоғамда бірлік пен ынтымақтастыққа қол жеткізу.

Осы орайда, үміткер ретінде, менің басты міндетім жастар саясаты мәселелеріне қатысты жоспарланған бағдарламаларды орындау бойынша іс-шараларға белсенді түрде араласу. Мен өз Сайлауалды бағдарламама төмендегідей нақты атқарылатын міндеттерді енгіздім:

- Жастарға арналған «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Жұмыспен қамту», «Бизнестің жол картасы» т.б бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету, жастар арасында кеңінен насихаттау;

- аудан жастар арасында рухани-адамгершілікке, патриоттыққа, шынайы елжандылыққа тәрбиелеу бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру;

- тұрғындарының салауатты өмір сүру салтын қолдауға бағытталған спорттық-мәдени шаралардың ұйымдастырылуына ықпал ету;

- ауыл жастарының сапалы білім алуы мен ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базаларының жақсаруына қолдау көрсету, үнемі назарда ұстау;

- жастар денсаулығын сақтау және жақсарту мәселесін үнемі назарда ұстау, салауатты өмір салтын насихаттау.

- жастар арасындағы түрлі деңгейдегі қылмыстардың азаюына себеп болатын әр түрлі шараларды ұйымдастыру.

Құрметті партияластар! Жоғарыда аталған барлық мәселелердің шешілуіне атсалысу - менің азаматтық борышым. Сіздер маған сенім білдіріп, қолдау танытсаңыздар ортақ мақсаттарға бірге жетеміз деп сенемін.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Редакция:

Ф.Балғожиев - Редактор
П.Тулин - дизайнер-бет құрушы
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
С.Ерсайынқызы
Электрондық пошта - media@asu.edu.kz